

**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің
6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ кәсіптік оқыту
педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың ғылыми-
теориялық негіздері» тақырыбы бойынша Айдаров Бақытжан
Жұмадуллаұлының диссертациясына
Шетелдік кеңесшінің
ШІКІРІ**

Қазіргі кезеңде педагогикалық жоғары оқу орнындағы әрбір түлектің кәсіби ұтқырлық деңгейінің қалыптасуы оның үнемі өзгеріп отыратын өмір жағдайларында жедел әрекет етуі, өз қызметінің мазмұнын еңбек нарығының талаптарына қатысты икемді қайта құру қабілеттері секілді мүмкіндіктерін анықтайды.

Сондықтан да болашақ кәсіптік оқыту педагогтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру кәсіптік білім беруді жаңартудың негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады.


Десекте болашақ педагогтарға сұранысқа ие болу үшін, белгілі бір жеке қасиеттер болуы керек - кәсіби-педагогикалық ортаның жаңа жағдайына тез және тиімді бейімделуі, үнемі білім беру тенденцияларын өзгертіп, өз бетінше өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту, өз ісін жоспарлау, яғни кәсіби ұтқыр болуы керек.

Бүгінгі таңда ұтқыр мамандарға деген қажеттілік арта түскенменен, көптеген зерттеулер нәтижесі білім беру жүйесінде осыған дейін қойылған міндеттердің толығымен орындамайтынын көрсетеді.

Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру проблемасының өзектілігі Қазақстандағы қазіргі заманғы қоғамдық және экономикалық қатынастардың дамуымен ұштастырылады. Ал ұтқырлық қазіргі заманғы адамның табысты кәсіби қызметінің кепілі болып табылатын еңбек нарығының конъюнктурасын кеңейтуге байланысты қоғам мен мемлекеттің кәсіби ұтқыр мамандарға қажеттілігімен анықталды. Бұл мәселені әзірлеу қажеттілігі оны жоғары кәсіптік білім беру педагогикасында ғылыми-теориялық және ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етудің жеткіліксіз дамуынан, тиісті ғылыми негізделген әзірлемелердің болмауынан туындайды.

Көрсетілген мәселені ішінара шешу үшін диссертациялық жұмыстың тақырыбын Б.Ж.Айдаровтың «Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері» деп тұжырымдадық. Берілген тақырыпты зерттеу үдерісінде ұтқыр адамға тән тұлғалық қасиеттерді дамытуға аударылады. Оларға үнемі өзгеріп отыратын кәсіби білім беру ортасының сыртқы және ішкі жағдайларына икемді қабілеті, жеке басының қалауына сәйкес кәсіби іс-әрекет саласында өзі үшін оңтайлы бағытты табу мүмкіндігі қарастырылды.

Жоғарыда келтірілген мәселелерді шешу үшін Айдаров Бақытжан Жұмадуллаұлы өзінің диссертациялық жұмысында «Кәсіптік оқыту» білім



беру бағдарламасы түлегінің біліктілік сипаттамаларына сүйене отырып, оларды даярлаудың жетістігін анықтайтын факторлар жиынтығында кәсіби ұтқырлықты қалыптастыруға басты назар аударып, маңызды рөл берген. Б.Ж.Айдаровтың диссертациялық зерттеу жұмысының тәжірибелік маңыздылығы мынада болып тұр:

Біріншіден, зерттеу барысында «болашақ кәсіптік оқыту педагогының кәсіби ұтқырлығы» және «болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру» ұғымдары ғылыми-теориялық тұрғыда негізделді және нақтыланды.

Екіншіден, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалынып, оны ЖОО-ның нақты педагогикалық үдерісінде іске асырылды.

Үшіншіден, зерттелетін үдеріс ғылыми тұрғыдан негізделген оқу-әдістемелік дайындамалармен қамтамасыз етілді және ЖОО-ның оқу үдерісіне «Педагогтардың кәсіби ұтқырлығы» арнайы курсына оқыту іс жүзінде жүзеге асырылды.

Сондықтан, зерттеу жұмысының теориялық және эксперименттік нәтижелерін жоғары және орта арнаулы оқу орындарының кәсіптік оқыту педагогтарын даярлайтын бөлімдерінде, педагог кадрлар біліктілігін арттыру жүйесінде пайдалануға болады деп есептеймін.

Айдаров Бақытжан Жұмадуллаұлының «Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жоғары теориялық деңгейде аяқталған, зерттеу әдістерін тиімді пайдаланған, ғылыми нәтижелерін көрнекі түрде көрсете білген, кәсіптік оқыту саласына өзіндік үлес қосқан зерттеу, практикалық маңызы бар жұмыс деп есептеймін.

Осыған байланысты, Айдаров Бақытжан Жұмадуллаұлын 6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін иеленуге лайық деп есептеймін.



Түркия республикасы, Анталья қаласы,
Акдениз университетінің
PhD докторы, доцент Айдын Зор

10.08.21.